

Эфикиел.

№41 «Назерке» бөбекжай – балабакшасы.

«Өнерлі Ана – өнегелі ұрпақ»

Аналар мектебі

Тәрбиешілер: Амангосова Р.А

Исмайлова А.А

«Өнерлі Ана – өнегелі ұрпақ» атты аналар сайысы.

Мақсаты: Халқымыздың салт дәстүрлері, әдет- ғұрыптары жайлы білімдерін дамыта отырып, шығармашылығын ұштап, өнерлері мен дарындылығын дамыту.

Жүргізуші:

Қайырлы күн қонақтар, өнер сүйген,

Көрермендер көңілге көп ой түйген.

Сый тартайық әсем әнмен, тәтті күймен.

Біз ғана емес қадір тұтқан бабалар,

Аналардан туған небір даналар.

Ана деген тіршіліктің тірегі

Армысыздар, қасиетті аналар!- деп аналарымызды ортаға әсем әнмен қошеметпен шақырамыз.

Әрқашан дендеріңіз сау, көңілдеріңіз жайдарлы бола берсін дей отыра, мына сөздер сіздерге арналады.

Ана десем – алғыс алам халқымнан,

Ана десем – теңіз болам шалқыған.

Ана десем – ашылады қабағым,

Ана десем – әділдікті ұғамын!

Жүргізуші: Құрметті аналар! Келген қадамдарыңызға гүл бітсін, Сіздерге арналған «Өнерлі Ана – өнегелі ұрпақ » атты сайысымызды бастаймыз. Реттік нөмерлеріңізді анықтау үшін көрінбейтін жәшіктен номер аламыз.

Жүргізуші: «Өнерлі Ана – өнегелі ұрпақ » сайысының бөлімдерімен таныстырып өтейін.

1. «Өзім туралы мәлімет» таныстыру кезеңі.
2. «Өнерлі өрге жүзер» өз өнерін көрсету кезеңі.
3. «Ас адамның арқауы» үй тапсырмасы, ұлттық тағам.
4. «Кімнің ойы ұшқыр» мақал- мәтелдерді табу. (слайд экраннан)
5. «Ән көңілдің ажары» музыкалық сұрақтар.
6. «Шебердің қолы ортақ» (2 топпен ортақ зат жасау)

✓

